

**ОРТА ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ:
ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ**

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.023>

Ғ.Н.Отарбаева^{1*}  Б.Д.Керімбекова¹ 

¹ SDU University, Қаскелең қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАҒАЛАУ
ӨЛШЕМДЕРІ: ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада оқыту нәтижесін бағалаудың қазіргі құралдары, білім беру процесіндегі бағалаудың орны мен рөлі, бағалаудың түрлері, ұстанымдары, бағалау кезеңдері мен тәсілдері қарастырылады. Мақала авторлары Халықаралық және Қазақстандық бағалау жүйесіне шолу жасай отырып, бағалаудың маңызы мен негізгі қағидастарына тоқталады. Бағалаудың өлшемдік технологиялары, жаңартылған білім беру жүйесіндегі критериялды бағалау жүйесінің ерекшеліктері мен алғышарттары сөз болады. Сонымен қатар, білімгерлердің бағалау жүйесіне көңілі тола ма, толмай ма? Аталған бағалау жүйесінің жетістіктері мен кемшін тұстары неде? Бұл бағалау жүйесінде қандай түйткілді мәселелер бар деген сұрақтар да мақаланың негізін құрайды. Мақалада осы мәселе төңірегінде мониторинг жасалып, оның нәтижесі сараланып, бағалауға арналған тиімді тәсілдер мен зерттеулер ұсынылады.

Зерттеудің мақсаты – білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес бағалау құралдарын қолдана білу, білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың әдістері мен тәсілдерінің қазіргі жағдайын саралау, одан әрі оқыту туралы шешім қабылдау үшін критериялды бағалауды пайдалану жолдарын ұсыну.

Мақаланың практикалық мәні жалпы білім беретін мектептің ұстаздары мен оқыту әдістемесі саласында ізденіп жүрген педагог-зерттеушілер үшін жоғары болмақ.

Түйін сөздер: бағалау, бағалау жүйесі, бағалау қағидалары, бағалау түрлері, бағалау өлшемдері.

Отарбаева Ғ.Н., ^{1*}  Керімбекова Б.Д. ¹ 
¹ SDU University, г.Каскелен, Казахстан

**КРИТЕРИИ ОЦЕНИВАНИЙ В КАЗАХСТАНСКОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:
ПРИНЦИПЫ И ПОДХОДЫ**

Аннотация

В статье рассматриваются место и роль оценки в образовательном процессе, современные инструменты оценки результатов обучения, виды и позиции оценки, этапы и подходы оцениваний. Авторы статьи рассмотрев международную и Казахстанскую системы оценивания остановятся на значении и основных принципах оценки. Речь пойдет о критериальных технологиях оценивания, особенностях и предпосылках системы критериального оценивания в обновленной системе образования. Кроме того такие вопросы как, Какие проблемные вопросы существуют в этой системе оценки? Удовлетворены ли обучающиеся системой оценки или нет? В чем заключаются достижения и недостатки данной системы оценки? также составляют основу статьи. В статье представлены эффективные подходы и исследования для мониторинга, дифференциации и оценки результатов данной проблемы.

Цель исследования: умение использовать средства оценивания в соответствии с целью и содержанием образования, дифференцировать современное состояние методов и способов диагностики достижений обучающихся, предложить пути использования критериального оценивания для принятия решения о дальнейшем обучении.

Практическая значимость статьи будет высокой для педагогов общеобразовательной школы и педагогов – исследователей в области методики преподавания.

Ключевые слова: оценивание, виды оценивания, система оцениваний, оценивания в образовании, критериальное оценивание.

Otarbayeva G.,^{1*}  Kerimbekova B.¹ 
¹ SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

ASSESSMENT CRITERIA IN THE KAZAKH EDUCATION SYSTEM: PRINCIPLES AND APPROACHES

Abstract

The article examines the place and role of assessment in the educational process, modern tools for evaluating learning outcomes, types and positions of assessment, stages and approaches of assessments. The authors of the article, having considered the international and Kazakhstani assessment systems, will focus on the meaning and basic principles of assessment. It will focus on criteria-based assessment technologies, features and prerequisites of the criteria-based assessment system in the updated education system. In addition, questions such as, What problematic issues exist in this assessment system? Are students satisfied with the assessment system or not? What are the achievements and disadvantages of this assessment system? they also form the basis of the article. The article presents effective approaches and research for monitoring, differentiating and evaluating the results of this problem.

The purpose of the study: the ability to use assessment tools in accordance with the purpose and content of education, to differentiate the current state of methods and methods for diagnosing students' achievements, to suggest ways to use criteria-based assessment to make a decision about further education. The practical significance of the article will be high for teachers of secondary schools and teachers – researchers in the field of teaching methods.

Keywords: assessment, rating types of assessment, assessment system, assessment in education, criteria assessment.

Кіріспе. Уақыт талабына сай кез - келген елдің білім беру жүйесінде өзгерістердің, жаңа талаптардың болуы заңды құбылыс. Жасанды интеллект алға шығып, адамдардың құндылықтары өзгеруде. Қоғамның ең маңызды саласы – білім беру ісінде де түрлі өзгерістер мен жаңалықтар орын алуда. Бүгінгі әлемнің тез өзгеретіні соншалық, заманауи білім беру өзгерістердің соңынан жүрмеуі тиіс, керісінше, қазіргі білім өзгерістерді алдын ала болжай алғаны жөн.

Қазақстандағы білім саласы да ұзақ жылдар Кеңестік елдерге ортақ талаптарға сүйеніп, сол жүйемен біраз ұрпақ тәрбиеленді. Әрине, бұл жүйенің де өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Білім беру бағдарламаларына, оқыту процесіне, мектепті басқару ісіне, мұғалім мен оқушының қарым - қатынасына, білім сапасын, бала білімін бағалау жүйесіне қатысты да осылай айтуымызға болады. Оқу орындарының барлық деңгейінде бағалау тәсілі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұрын оқытуда басым назар негізінен репродуктивті білімге аударылса, бүгінгі білім жүйесіндегі басымдықтардың функционалдық сауаттылыққа, сыни ойлауға және шығармашылыққа қарай ауысуы байқалады. Осыған сәйкес білім беруді бағалау процесі де жаңа талаптар мен тың педагогикалық тәсілдерді талап етеді.

2000 - жылдардың басында білім саласындағы зерттеулерде «Баға не үшін керек? Баға ынталандыру құралы ма, жоқ жазалау құралы ма» деген мәселелер ғылыми талқылардың негізгі нысанына айналған. Бұл сұрақтар турасындағы зерттеулер әлі де жалғасуда. Десе де, барлық зерттеулердің негізі төмендегі үш еңбекті басшылыққа алады. Олар:

- Андерман мен Мардоктың бағалауға негізделген оқу ортасындағы көшіру, баға үшін жаттап оқу мәселелері бойынша тұжырымдары [1];
- Пулфридің «Бағалау дегеніміз – жазалау, тіпті үлгерімі жоғары оқушылардың өзі нашар баға алудан қорыққандаынан оқиды», [2] – деген қорытындысы;
- Уайт пен Фантонның бағалаусыз жүйенің (*курсттан өтті/өтпеді деп бағалау*) тиімділігі туралы еңбектері [3].

Қалай болғанда да, бағалаусыз білім берудің тиімділігі әлі күнге толық дәлелденіп, жоғарыдағы теориялар өзін ақтау алған жоқ. Сондықтан да әлі күнге бағалау – білім беру үрдісіндегі маңызды әрекеттің бірі. Бағалау оқыту мәселесінде ғана емес, өмірдің барлық саласында маңызды қызмет атқаратын ұғым. Белгілі бір затқа не оқиғаға деген сіздің көзқарасыңыз бағалау түрінде көрініс табады. Сол себепті мектептегі бағалау жүйесінің әділ

әрі тиімді болуы оқушылардың өмірлік ұстанымдары мен көзқарастарына тікелей немесе жанама болсын әсер ететіні даусыз.

Мақалада жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінен де бөлек шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жасалып (мысалы, Дж. Хетти, Набуова Р.А., Жубандыкова А.М., А.Әлімов, Д.Хесс т.б. ғалымдар) кейбір теориялардың тиімділігі бойынша жасалған тәжірибе нәтижелері ұсынылды.

Бүгінде халықаралық үздік тәжірибелер таңдалынып, талданып, оны білім орындарына енгізу ісі басталды. 2000-жылдардың екінші онжылдығы Қазақстанда орта білім беру жүйесін жаңартуды, дамыту көздейтін бірқатар реформаны жүзеге асырумен ерекшеленді. Солардың бірі – жалпы білім беретін мектептердегі білім бағдарламаларының жаңартылуы. 2016 жылдан бастап жаңа бағдарлама жасалынып, соған сай кезең кезеңімен оқулықтар жасала басталды. Бұл ауқымды реформа болды, өйткені, оқу бағдарламасына, бағалауға және оқытуға қатысты бірқатар өзгерістер болды. Осы реформаға сәйкес бес балдық бағалау жүйесі критерийлерге негізделген бағалаумен ауыстырылды. Педагогикалық іс-әрекеттер студенттерге көбірек бағытталған; пән мазмұны озық халықаралық тәжірибеге сәйкес қайта каралды және мектептерде критериалды бағалау енгізілді [4, 32].

Негізгі ережелер. Критериалды бағалау - оқушылар арасындағы түсіністік пен ұжымдық қарым-қатынасты оңтайландыру, олардың мүмкіндіктерін арттыру тәсілдерінің бірі болып табылады. Қазақстандық және халықаралық тәжірибені біріктіре отырып құрылған критериалды бағалаудың негізгі ережелері мынадай міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

1. Білім беру қызметінің сапасын арттыру үшін жағдай жасайтын объективті бағалау жүйесін іске асыру;

2. Халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы және бірыңғай бағалау механизмін қалыптастыру;

3. Бағалау қызметіндегі мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру;

4. Өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамыту және білім алушылардың жауапкершілігін арттыру үшін жағдайлар жасау;

5. Білім алушылардың күтілетін нәтижелерге, оның ішінде жоғары деңгейдегі дағдыларға (талдау, жалпылау, бағалау) қол жеткізуін бағалауға мүмкіндік беретін тапсырма үлгілерінің қорын құру.

Материалдар мен әдістер. Критериалды бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалаудан тұрады. Формативті бағалау сабақ барысында жүзеге асырылады және оқушылардың оқу қажеттіліктерін жақсы түсіну құралы болып саналады. Формативті бағалау оқушылардың қажеттіліктері мен олқылықтарын анықтау үшін бағалауды қолдану, содан кейін оқыту стратегияларын сәйкесінше түзету мақсатын көздейді. Ал жиынтық бағалау - студенттердің демикалық үлгерімін бағалау, оның мақсаты білім мәртебесін олардың қолданыстағы стандарттар мен талаптарға сәйкестігі тұрғысынан анықтау болып табылады. Ол бұрын зерттелген тақырыптарды түпкілікті бағалау болып саналады және әдетте белгілі бір оқу кезеңі аяқталғаннан кейін (тоқсан, оқу жылы) өткізіледі [2, 98].

Мақалада әдебиеттерді талдау, мониторинг және бақылау әдістері қолданылды. Таңдап алынған әдістеме мен зерттеу нәтижелері бірқатар түйінді ойлар ұсынды.

Мельбурн ғылыми зерттеу институтының директоры әрі профессоры Джон Хеттидің айтуынша: «Бағалаудың басты мақсаты – мектеп мұғалімдері мен басшыларының қойылған әр бағаның бала үшін қаншалықты маңызды екенін ұғыну, маңыздылығына қатысты ақпараттар мен оның интерпретациясының қолжетімді болуы, сол арқылы әрі қарай оқу процесінің қалай ұйымдастырылатынын, қандай қадамдар жасау керектігін анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Себебі, бағаны кері байланыс ретінде қолдану – мұғалім үшін таптырмас құрал. Дәл уақытында, оқытушы өткен материалдармен сәйкес әрі дискрипторлары анық қойылған бағаның білім беруді ілгерілетудегі күші максималды күш екені анық» [6, 251].

Бүгінде бағалауға қатысты төмендегідей ұғым-түсініктер қалыптасқан:

- Оқытуды (оқығанды) бағалау;
- Оқыту үшін бағалау.
- Оқыту ретінде бағалау.

Жоғарыда аталған ұғымдар бағалаудың мақсатын айқындаса, сол мақсатке жетудегі бағалаудың алты түрін атап жүрміз.

1. Диагностикалық бағалау;
2. Қалыптастырушы бағалау;
3. Қорытынды немесе жиынтық бағалау;
4. Ипсативті бағалау;
5. Нормативті бағалау;
6. Критериалды бағалау[7].

Әрқайсына жеке тоқталып, талдап көрсек.

Оқуды (оқығанды) бағалау. Оқытуды бағалау оқушылардың осы уақытқа дейінгі үлгерімін, алған білімін өлшеуді қамтиды және тестілеу, студенттердің жеке портфолиоларын талдау, қорытынды жобалар сынды стандартталған емтихандар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Жоғарыда аталған алты бағалау түрінің ішінде үшеуі: жиынтық бағалау, нормативті және критериалды бағалау – тікелей оқу нәтижелерін бағалау яғни оқуды бағалау мақсатында қолданылады.

Оқыту үшін бағалау. Оқыту үшін бағалау – оқушылардың қалай оқып жатқанын және нені меңгеріп, неден қалыс қалғанын бақылау үшін тиімді бағалау түрі. Бағалаудың бұл түрі мұғалімнің оқу үдерісін үнемі бақылауда ұстап ағымдағы нәтижелерге сай оқу жоспарын, стратегияларын қайта қаруға, өгерістер мен толықтырулар енгізуіне мүмкіндік береді. Оқыту үшін бағалау үздіксіз жүріп отыруы тиіс. Бұл бағалауды жүзеге асыруа мұғалім «Бүгінгі сабақтан оқушылар не алды?», «Олар нені білуі тиіс?», «Сабақ оқушылар үшін қиын болды ма, жоқ тым жеңіл өтті ме?», «Оқыту тәсілдері қаншалықты тиімді болды?» деген сауалдарға баса назар аударуы керек. Бағалаудың жоғарыда аталған алты түрінің ішінде екеуі: қалыптастырушы бағалау және диагностикалық бағалау – оқыту үшін бағалауда тиімді болады.

Оқу ретінде бағалау. Басқаша айтсақ, бағалау дегіміз – оқу (бағалау = оқу). Зерттеулер көрсеткен нәтижелердің бірі білім алушылар өздері толық түсінетін, өз мүдделеріне сай келетін және өздері жасай алатын (шешімін өздері таба алатын) білімге қызығушылықтары жоғары екендігін анықтаған. Бағалауды оқытудың бір түрі ретінде қарау оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылықтен ене түсуіне мүмкіндік туғызады. Ол сыни ойлауға, мәселенің шешімін өзі табуға, алдына қолжетімді масаттар қойып, оған жету жолдарын өзі бақылап оытуға көмектеседі. Бағалаудың жоғарыда аталған алты түрінің ішінде біреуі: ипсативті бағалау – бағалауды оқытудың бір түрі ретінде қарастырады.

Диагностикалық бағалау– білімгердің бір деңгейден келесісіне көшкенге дейінгі бағалау түрі. Білім берудің белгілі бір кезеңін оқушы толық игергеніне көз жеткізу үшін мұғалім викториналар, тест, сыныптағы талқылаулар арқылы бағалап отырады. Сыныптағы бағалаудың бұл түрі білімгерлердің осы деңгейде қалыптастырған икем-дағдылары мен құзіреттіліктерін анықтап алған соң ғана келесі білімге көшу үшін тиімді.

Қалыптастырушы бағалау. Білім алушылардың тоқсан соңында немесе белгілі бір модулді аяқтағаннан кейін жақсы баға алуы барлық өтілген материалды игергендігіне кепіл бола алмайды. Қалыптастырушы бағалау мұғалімге оқушының білімін сабақ барасында үздіксіз бақылап отыруға, кері байланыс беруге, қолда бар нәтижелерге сай сабақ стратегияларын өзгертіп отыруға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау күнделікті үй тапсырмалары, оқушы партфолиосы, топтық және жеке жобалар, викториналар, дискуссиялар мен талқылаулар арқылы жүзеге асады.

Жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау оқушылардың білім көрсеткішінің қорытынды өлшемі. Ол көп жағдайда тест тапсырмалары түріде жүзеге асады. Бұл тәсіл мұғалімге жаппай тез бағалауға, нәтижелерді өзара салыстыруға мүмкіндік бергенімен, оқу үдерісінің

нақты кері байланыс құралы бола алмайды. Алайда сандық-сапалық көрсеткіштерді жаппай анықтаудың тесттен тиімді тәсілі әлі күнге табылмаған секілді. Жиынтық бағалау тек тест түрінде өтуі керек деген шарт емес. Оқытушы өз пәнінің, алдындағы сыныбының ерекшеліктеріне сай тапсырмаларды жоба түрінде, жазбаша немесе ауызша жұмыс түрлеріне түрлендіріп отыруына әбден болады.

Ипсативті бағалау. Ипсативті бағалау - (латын тілінен аударғанда Ipse «өзі»/ «жеке» дегенді білдіреді) жеке бағалау немесе дара бағалау. Ипсативті бағалауды біз қолданып жүрген «өзін-өзі бағалау» ұғымымен (өзіне өзі баға қою, өз-өзін бағалау) шатастырып алмау керек. Бағалаудың бұл түрі білімгерді өз жетістікерімен салыстыра бағалауды көздейді. Оқушының қазіргі сәттегі көрсеткіштерін осыған дейін көрсеткен нәтижелерімен салыстырып отыру оның алдына қолжетімді мақсаттар қойып, оқуға ынтасының ата түсуіне ықпал етеді.

Бұл тәсіл, біріншіден, оқушыларға жаттанды білім үшін бір сәттік бағаға ұмтылудың бұрыстығын көрсетіп, оқу үдерсін үздіксіз, ұзақ мерзімді процесс ретінде қабылдауды үйретеді. Екіншіден, сынып ішіндегі оқушылар аралық бақталастықты жойып, әр өз-өзімен бәсекелесуі арқылы нәтижеге жетуді, сыныптағы жайлы ахуалды қамтамасыз етеді. Гивнет Хьюз «Ипсативті бағалау: прогресті бағалау арқылы ынталандыру» атты кітабында: «Әр оқушы үздік болмауы мүмкін, бірақ әр оқушы жетістікке жетуге әлеуетті және әрқайсы жеке нәтижелерге қол жеткізу арқылы өзіндік биіктерді бағындырып отырады. Назарды қатып қалған стандарттар мен талаптарға емес, оқытуға аударсақ білім беру тиімділігі арта түсер еді», [8, 112] – дейді.

Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» еңбегінде: «Өзін – өзі бағалауды қалыптастыруға екі фактор шешуші ықпал етеді: Қоршаған адамдардың қатынасы және баланың өз іс әрекеттерін саналы түсінуі» [9] дейді. Ипсативті бағалауда да осы екі фактор өте маңызды. Бағалау тәсілдеріндегі оқушының өз білім көрсеткіштерін бақылауда ұстауы ең объективті бағалаулардың қатарына жатқызуға болады. Бұл тәсіл тек оқытуда ғана емес, баланы тәрбиесінде, болашақтағы өмірінде ең қажет қасиеттерді қалыптастырады. Хакім Абай өзінің 15- қарасөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! [10, 28]. – деп адамның өз-өзіне есеп беруін ең маңызды жайт деп санаған.

Нормативті бағалау. Нормативті бағалау оқушының білімін сынаптағы басқа білімгерлермен салыстыра бағалау. Нормативті бағалау әдетте оқушылардың жас ерекшелігін, сыныптық жүйе ережелерін т.б. ерекшеліктерді ескере отыр көп жағдайда тест түрінде іске асады. Ол IQ тесттері, тілдік деңгейін анықтау тестері т.б. болуы мүмкін. Ипсативті бағалауға қарағанда бұл бағалау түрі оқушының жеке жетістіктеріне емес, жалпылама сыныптың үлгерімін бақылауда тиімді. Нормативті бағалауды сынға алаушы ғалымдар бағалаудың бұл түрі білімгерлерді оқуға ынталандырудан гөрі әлсіз топтарға ерікті-еріксіз түрде дискриминация жасауға әкеліп соғады дейді. Дегенмен, әлем бойынша ұлттық бірінғай тестілеу, тіл үйрену деңгейін анықтау сынды емтихандар нормативті бағалауды тиімді деп тауып отыр.

Критериалды бағалау. Критериалды бағалау оқушылардың білімін бір-бірімен емес, білім беру стандарттарында бекітілген көрсеткіштермен салыстырып бағалайды. Оқушының білім берудің тиісті кезеңінде қандай білік-дағдыларды, құзыреттіліктерді игеру керек екені стандарттармен бекітіліп, ол нақты критерилермен анықталады. Білімгер сол критерилерге сай бағаланады. Бағалаудың бұл түрі де көп жағдайда нормативті бағалаумен бірдей әсілдерге жүгінгенімен, оқушыларды бір-бірімен салыстырмайтындығымен ерекшеленеді. Жанартылған білім беру мазмұнындағы оқу нәтижелеріне бағытталған білім беру критериалды бағалаудың дәл мысалы бола алады.

Нәтижелер мен талқылау. Критериалды бағалауда білімгерлердің бағалаудың барлық өлшемдері мен рубрикаларын толық түсінуі өте маңызды. Орыс әлеуметтанушылары

В.С.Собкин және Е.А.Калашникова оқушылар арасындағы бағалаудың маңызын, бағаға көзқарастырымен мен бағалау жүйесін түсіну деңгейін анықтау мақсатында 22 мәскеулік мектептің 5-9 сыныптар арасындағы 3056 оқушысынан сауалнама алады. Сауалнама нәтижесі оқушылардың 57,6%-ы мұғалім бағаны объективті қояды, 12,2% -ы мұғалімдер бағаны тым төмен қояды, ал 3,5% -ы мұғалімдер бағаны көтеріп қояды деп есептейтінін көрсеткенен. Сондай-ақ зерттеушілер әрбір алтыншы үлгерімі нашар оқушы мұғалім тарапынан неативті қарым-қатынасты байқайтынын жеткізген. [11]. Осы тұста ұлт ұстазы Ы.Алтынсариннің «Мұғалім кіммен істес болып отырғанын ешуақытта ұмытпауы тиіс. Егерде, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс» [12], – деген пікірі әр мектеп мұғаліміне жадылама ретінде ұсынылу керек екенін, бағалаудың критерилерімен қатар, бағалаудың объективтілігі деген ұғымға да баса назар аудару қажеттігін баса айтқымыз келеді.

А.Әлімов «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» еңбегінде Будапеште өткен семинарда ғалым Дайана Хесс ұсынған бағалаудың алты қағидасын келтіреді.

Бірінші қағида: «Маңыздылық». Бағалау үшін пәннің ең маңызды, бағалауға тұрарлық күтілетін нәтижелерін таңдап алу керек. Егер оқытушының ойынша нәтиже маңызды болмаса, оны бағаламаса да болады.

Екінші қағида: «Дәлдік» (Адекваттық). Мұнда оқушылардың қажетті білім, білік-дағды, құндылықтарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсететін бағалаудың дәл құралын таңдап алуымыз керек.

Үшінші қағида: «Объективтілік» (Дәлелділік). Объективті бағалау болу үшін бағалаудың нақты талаптарын таңдап алу керек

Төртінші қағида: «Оқудың ажырамас бөлігі». Бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналуы керек. Яғни, «өзіміз үйретпеген нәрсені бағалау әділдікке жатпайды».

Бесінші қағида: «Жариялылық». Бағалаудың талаптары мен тәсілдері оқушыларға алдынала хабарлануы керек. Баға жария түрде қойылып, оқушылар қандай жағдайда қалай бағаланатындықтарын білулері керек.

Алтыншы қағида: «Қарапайымдылық». Бағалау процесі мен оның формалары қолданыста қарапайым және ыңғайлы болуы керек [13, 162].

Оқуды бағалау - білім сапасының нәтижесі, басқаша айтқанда, оқу көрсеткіші оқушыларға мұғалімдердің сыйы емес, бұл құзыреттер білім алу үшін оқу процесіне және оқушылардың өздеріне белсенді қатысуды талап етеді. Оқыту өз кезегінде жеке оқытуға емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы керек..

Біз аталған қағидаларды зерделей отырып, өз тарапымыздан, орта және жоғары білім беру нысандарының білімгерлеріне төмендегідей сауалдар ұсынып, жауаптарын сараптап көрдік. Ұсынылған сұрақтар тізбегі төмендегідей:

- 1) Мектептегі бағалау жүйесіне көңіліңіз тола ма?
- 2) Оқу үдерісінде нені бағалау маңызды деп есептейсіз?
- 3) Бағалау нәтижеге жетуге ықпал ете ала ма?
- 4) Білім бағаланбаса не болар еді? Бағалаусыз білім беру мүмкін бе?
- 5) Объективті баға дегенді қалай түсінесіз? Әділ бағалау мүмкін бе?
- 6) Баға жария түрде қойылуы керек пе?
- 7) Мектептегі бағаңыз тұлғалық қалыптасуыңызға әсер етті ме?

Көрсетілген сұрақтарға жауап алу барысында сауалнама жүргізу және сұқбат әдістері қолданылды. Сауалнама онлайн Google Forms платформасы арқылы жүзеге асты. Сауалнама әдісі неғұрлым көп респонденттердің жауаптарын жинауда, қойылған сұрақтарға нақты жауап алып, оны талдап көрсетуде тиімді тәсіл бола алады. Алайда, ашық сұрақтардың жауаптарын толыққанды беруде респонденттердің көзқарастары айқын көрінбейді немесе екіұшты пікір қалыптастырады. Сондықтан, сауалнамаға қатысқан респонденттердің арасынан фокус топ іріктеліп, олармен сұқбат әдісі арқылы зерттеуді жалғастырдық. Бұл

тәсіл пікір таластыру арқылы нақты тұжырымдар шығаруға, сыни ойлау арқылы мәселенің жаңа қырының ашылуына мүмкіндік береді.


Сауалнамаға 157 респондент қатысты. Олардың 48%-ын жоғары оқу орны студенттері, 24%-ын мектеп және педагог дайындаушы университет мұғалімдері, 28%-ын мектеп оқушылары құрады. Мақсатымыз мектептегі бағалауды ұйымдастырушы мұғалімнің, сол бағалау жүйесімен білім алушы оқушының және сол жүйенің нәтижесі ретінде мектепті бітіріп кеткен түлектер көзқарастарын толық қамту болды.

Сауалнама нәтижелерін қалай өңдеу мен талдауда салыстырмалы талдау, ретроспективті талдау, жүйелеу және қорыту, авторлық интерпретация тәсілдері қолданылды.


Сауалнама барысында этикалық мәселелер басты орынға қойылды. Осы тұста Қазақстандық білім зерттеушілері қоғамы (KERA) әзірлеген Қазақстанның білім беру саласындағы зерттеушілерінің этикалық кодексі басшылыққа алынады. Кодекске сәйкес барлық талаптар сақталады. Этикалық мәселенің басты сұрақтары – зерттеуге қатысушының келісімін алу, құпиялылық және анонимділікті сақтау. Зерттеуге қатысушылар сұхбаттасу алдында қатысушы туралы ақпарат парағын және зерттеуге келісім парағын толтырды.

Зерттеудің нәтижелері мен көрсеткіштері төмендегей:

1) «Мектептегі бағалау жүйесіне көңіліңіз тола ма? 1-10 балл аралығында бағалаңыз» деген сұраққа респонденттер 3-8 балл аралығында баға берді. Осы сұраққа *иә/жоқ* деп қысқа жауап беру талап етілгенде, білімгерлердің 50 пайызы «иә» деп жауап берсе, 33 пайызы «жоқ», 17 пайызы «жауап беруге қиналамын» деп белгілеген. Демек, бізде әлі де оқушылардың қажетті білім, білік, дағды, құндылықтарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсететін бағалаудың дәл құралы көрсетілмеген. Бағалау критерийлері білімгерлер үшін айқын емес, нақты рубрикаторлар берілмейді.




Сурет 1 – Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің бағалау жүйесіне қанағаттану көрсеткіштері



Сурет 2 – «Мектептегі бағалау жүйесіне көңіліңіз тола ма?» деген сауалдың нәтижесі

2) «Оқу үдерісінде нені бағалау маңызды деп есептейсіз?» деген сұраққа білімнен бөлек баланың білімді игеру дағдысы, ынтасы, әлеуеті, өмірде, тәжірибеде іске асыра алу мүмкіндіктері т.б. білік-дағдылардың да ескерілуі жөн деген ұсыныстар айтылды. Білімгерлердің жауабы төмендегі диаграммада көрініс табады (Сурет - 3) .




Сурет 3 – «Білім беруде не бағалануы тиіс?» сұрағының нәтижелері

3) Бағалау нәтижеге жетуге ықпал ете ала ма? Сіздің өміріңізде бағаның орны қандай? деген сауалға 90% респондент әрдайым, тұрақты нәтиже көрсетіп отырмаса да, түрлі жағдайда әр қырынан ықпал етпей қоймайтыны анық екенін дәлелдей түседі.



Сурет 4 – «Бағалаудың нәтижеге әсері» сауалының нәтижелері

5) «Объективті баға дегенді қалай түсінесіз?» «Әділ бағалау мүмкін бе?» деген сұрақтарға респонденттердің барлығы дерлік «иә, мүмкін», «мұғалімнің біліктілігіне байланысты» деген жауаптар берсе, «Мектептегі бағалау көп жағдайда әділ деп ойлайсыз ба?» деген сұрақта білімгерлердің тек 30% ы «иә» деп жауап берген.



Сурет 5 – Бағалаудың объективтілігіне қатысты респонденттер жауабының көрсеткіші


б) «Баға жария түрде қойылуы керек пе?» деген сауалда білімгердердің 60%-ы жария түрде қойылуын құптады. Өз таңдауларының негізгі себебін «Бағаның жария қойылуы үлгерім мен бәсекеге қабілеттілікті арттырады», «Өзінің білім алуудағы ілгерілеу немесе төмендеуін салыстырмалы түрде біле алады», «Мұғалімнің бағаны әділ қойып жатқанына оқушылар күмән тудырмайтын болады» деген пікірлерімен түсіндірді.

Ал респонденттердің қалған 40%-ы «Бағаның жария қойылуы білімгерлер арасында бір-бірін бағасына қарап алалау, төмендету немесе көре алмаушылық сынды факторлардың туындауына әсер етеді», «Төмен баға алған баланың психологиялық ахуалына ықпал етіп, өзіне сенімсіз, ұялшақ болып өсу қаупі бар», «Баға – әр білімгердің жеке үлгерім нәтижесі, ол жария қойылған жағдайда бағалау емес, тәрбиелеу немесе жазалау құралына айналып кетеді» деген көзқарастарын ұсынды.



Сурет 6 – Бағалаудың жариялылығына қатысты респонденттердің жауап көрсеткіші

7) «Мектептегі бағаңыз тұлғалық қалыптасуыңызға әсер етті ме?» деген сауалнамаға білімгерлерің 90 % «иә» деп жауап берген. Бұл бағалау жүйесінің білім беруде ғана емес, қоғамның өзгеруіне, адам капиталының дамуына да тікелей қатысы барын дәлелдей түседі.



Сурет 7 – Бағалаудың маңыздылығына қатысты респонденттердің жауап көрсеткіші

Сауалнама нәтижелерін бүгінгі білім жүйесінде бағалаудың әлі де болса түйткілді мәселелері көп екенін, білімгерлердің мектептегі бағалау жүйесіне толықтай көңілдері толмайтынын байқауға болады. Мұның ең тиімді әрі маңызды шешімдерінің бірі ретінде мұғалімнің бағалаудың өлшемдік технологияларын, тәсілдері мен негізгі қағидаларын меңгеруі, сабақ барысында оларды тиімді пайдаланып, оқушылардың білімін қалайша әрі қарай дамытып, олардың алдағы білім игеру әрекеттерінің деңгейін қалайша жақсартуға болатындығын жоспарлай алуын көрсетеміз.

Қорытынды. Бағалау жүйесі мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар, сынып жетекшілері, сонымен қатар білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымдары арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезінде білім алушылардың психикасына байқап қарау, оған нұсқан келтіретін жағдаяттардан қашып, баланың психологиялық даму ерекшеліктерін ескеру керек. Бағалау оқушыларға нашар баға қойып «жазалау» емес, тиісінше олардың өз деңгейлеріне сай білім алуларына барынша қолдау көрсету. Рефлексия жасай білуге дағдыландыру, тақырыпқа немесе тапсырмаға сай критерийлер құрып, алған білімдерін объективті түрде бағалау – мұғалімдердің кәсіби міндеті.

Қорыта айтқанда, оқытуды бағалаудың кең таралған түрлері ретінде тікелей бақылау, жазбаша және ауызша жауап беру, өзгенің бағалауы, өзіндік есеп сияқты тәсілдерді атауға болады. Бағалау сенімділік, нақтылық және кемсітпеушілік өлшемдеріне сай болуы керек. Мектеп пен мұғалімдердің тиімділігін бағалау оқушылардың білім алу процесін бақылап, олардың қажеттіліктеріне сай білім беру әдістерін таңдап алуды қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Калкашев С, Абдиманатов Б, Усенов Н, Гордеева З. *Методические основы критериального оценивания знаний учащихся в курсе школьной географии // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. № 3 (72). -2022.*
2. Anderman, E.M., & Murdock, T.B., eds. (2007). *Psychology of academic cheating. Burlington, MA: Elsevier Academic Press.*
3. Pulfrey C., Buch, C., & Butera F. (2011). *Why grades engender performance-avoidance goals: The mediating role of autonomous motivation. Journal of Educational Psychology, 103, 683-700.*
4. Sarmurzin, Y., Amanzhol, N., Toleubayeva, K., Zhunusova, M., & Amanova, A. *The impact of OECD research on the education system of Kazakhstan. Asia Pacific Education Review, 22 (32).2021.*
5. White, C.B., & Fantone, J.C. *Pass-fail grading: Laying the foundation for self-regulated learning. Advances in Health Science Education, 15,2010. 469-77.*
6. Hattie John. *Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – NY: Routledge, 2008. – P. 392.*
7. *6 Types of Assessment (and How to Use Them)// Prodigy Education. September 24, 2021. <https://www.prodigygame.com/main-en/blog/types-of-assessment/> (қарау уақыты 28.06.2024)*
8. Hughes Gwyneth. *Ipsative assessment : motivation through marking progress. – Houndmills, Basingstoke : Palgrave Macmillan, 2014. – P. 226.*
9. Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. *Бағалаудың өлшемдік технологиялары. – Алматы, 2019. -260 б.*
10. Құнанбаев А. *Қара сөздер. –Алматы: Алматыкітап, 2013. -127 б.*
11. Собкин В.С., Калашникова Е.А. *От двойки до пятерки: грани школьной отметки//Национальный психологический журнал • №1(5) 2011*
12. Алтынсарин Ы. *Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым,1955. – Т.1. – 68б*
13. Әлімов А. *Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. - Алматы, 2009 ж. -158 б.*

References

1. Kalkashev S, Abdimanapov B, Usenov N, Gordeeva Z. *Metodicheskie osnovy kriterial'nogo ocenivaniya znaniy uchashhihsja v kurse shkol'noj geografii // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. № 3 (72). -2022.*
2. Anderman, E.M., & Murdock, T.B., eds. *Psychology of academic cheating. Burlington, MA: Elsevier Academic Press. (2007).*
3. Pulfrey C., Buch C., & Butera F. *Why grades engender performance-avoidance goals: The mediating role of autonomous motivation. Journal of Educational Psychology, 103,2011. 683-700.*
4. Sarmurzin Y., Amanzhol N., Toleubayeva K., Zhunusova M., & Amanova A. *The impact of OECD research on the education system of Kazakhstan. Asia Pacific Education Review, 2021, 22(32).*

5. White C.B., & Fantone J.C. *Pass-fail grading: Laying the foundation for self-regulated learning*. *Advances in Health Science Education*, 15,2010. 469-77.
6. Hattie John. *Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement*. – NY: Routledge, 2008. – P. 392.
7. 6 Types of Assessment (and How to Use Them)// *Prodigy Education*. September 24, 2021. <https://www.prodigygame.com/main-en/blog/types-of-assessment/> (qarau uaqyty 28.06.2024)
8. Hughes Gwyneth. *Ipsative assessment : motivation through marking progress*. – Houndmills, Basingstoke : Palgrave Macmillan, 2014. – P. 226.
9. Nabuova R.A., Jubandykova A.M. *Bağaladyñ ölçemdik tehnologialary*. – Almaty, 2019. -260 b.
10. Qūnanbaev A. *Qara sözder*. – Almaty: Almatykitap, 2013. – 127 b.
11. Sobkin V. S., Kalashnikova E. A. *Ot dvojki do pjaterki: grani shkol'noj otmetki//Nacional'nyj psihologicheskij zhurnal* • №1(5) 2011
12. Altynsarin Y. *Tañdamaly shyzarmalary*. – Almaty: Fylym, 1955. – T.1. – 68b
13. Älimov A. *İnterbelsendi ädisterdi joğary oqu oryndarynda goldanu*. - Almaty, 2009 j. 158-b.

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.024>

Байгунакова А.С.,*¹  Джолдасбекова Б.У.,¹  Гао Яньжун² 

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

²Чжэцзянский университет иностранных языков Юесю, г.Шаосин, Китай

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ОСНОВА ПАРТНЕРСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ УЧИТЕЛЯ И УЧЕНИКА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

В статье анализируется педагогическое взаимодействие в рамках проектной деятельности как одной из главных и актуальных образовательных технологий современности. Проблема исследования заключается в необходимости переосмысления функций учителя и ученика в учебном процессе, акцентируя внимание на сотрудничестве и совместной деятельности. Цель работы — раскрыть специфику взаимодействия учителя и ученика в проектной деятельности, сформулировать их роли и влияние на педагогические результаты. Основными методами исследования представляют теоретический и сопоставительный анализы дидактических методов, обзор научной литературы, метод наблюдения, анализ педагогических практик, а также обобщение опыта применения проектного метода. В ходе исследования установлено, что проектная деятельность помогает развитию компетенций XXI века, таких как критическое мышление, коммуникабельность, креативность и умение работать в команде, а также усилению партнерских отношений между учителем и учеником. Следовательно, вышесказанное подчеркивает значимость проектного подхода для формирования самостоятельности, ответственности и успешной социализации учащихся в условиях современных образовательных вызовов.

Ключевые слова: проектная деятельность, партнерские отношения, образовательный процесс, взаимное обучение, компетентность, рекомендации.